

Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 2 наурыздағы № 39 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 наурызда № 4477 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 23 мамырдағы № 188 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 23.05.2019 № 188 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңының 31-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі заңының 9 бабының 6) тармақшасына сәйкес, Отырар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына осы қаулының қосымшасына сәйкес квота белгіленсін.

2. Отырар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 8 қыркүйегіндегі № 196 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4216 нөмірімен тіркелген, 2017 жылғы 20 қазандағы "Отырар алқабы" газетінде жарияланған және 2017 жылғы 11 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Отырар ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы

нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Отырар ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Отырар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Отырар ауданы әкімінің орынбасары Ә.Жүнісовке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің
міндетін уақытша атқарушы*

Р.Әліш

Отырар ауданы әкімдігінің
2018 жылғы "02" наурыздағы № 39
қаулысына 1-қосымша

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасының мөлшері

№	Ұйымның атауы	Тізімдік саны	Квота мөлшері
1	Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Отырар аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	763	1
2	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	96	1
3	Отырар ауданы білім бөлімінің "Ергөбек негізгі орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	56	1
4	Отырар ауданы білім бөлімінің "Темір жалпы орта мектеп " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	155	1
5	Отырар ауданы әкімдігінің Шәуілдір ауыл округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі"Болашақ" балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	52	1
6	"Отырар ауданы білім бөлімінің "Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	113	1
	Барлығы:	1235	6